

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің 2017 жылғы 10 айына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобымен 2017 жылдың 1 қарашасынан бастап 3 қарашасына дейінгі кезеңінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілген.

Атап айтсақ «Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» қызметкерлері төмендегідей кодекс, заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді жұмыс барысында пайдаланды.

«Құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсанындағы №147 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидалары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысымен бекітілген, Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрығы, «Он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау», «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау», «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге

құжаттарды ресімдеу», «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою», «Мүгедектерге кресло-арбалар беру», «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау», «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу», «Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету», «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру», «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу», «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру», «Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету», «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу» туралы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары.

Мемлекеттік мекемесінің қызметінің ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауына 2017 жылғы 10 айында келесі бағыттар кіреді:

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысушылығы;

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маман-есепшісі жұмыстан шығуына байланысты 1 жұмыс орны босады. 2017 жылдың 3 қарашасында «Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың бірыңғай конкурстық комиссиясының хаттамасының қорытындысы негізінде 1 бас маман жұмысқа алынды. 2017 жылдың 20 қазанында бөлім басшысының басқа қызметке ауысуына байланысты, қазіргі уақытта бөлім басшысының лауазымы бос тұр.

Кадр ауысушылығы тіркелді.

Мекемедегі 5 әкімшілік мемлекеттік қызметшінің 2-і аттестациядан өткен, 2 мемлекеттік қызметші бала күтіміне байланысты демалыста болуына байланысты аттестациядан босатылған. Бөлімде 42 статист, 2 еден жуушы, 3 күзетші жұмыс жасайды.

Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 1 мемлекеттік қызметкерге өзіне жүктелген міндеттерін орындамағаны (лауазымдық міндеттерін атқаруда жіберген кемшіліктеріне байланысты) үшін 2 рет ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылған. Басқа қызметкерлерде тәртіптік жазалары жоқ.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер және мүлік туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер органдарына уақытында ұсынды.

Мүдделер қақтығысы фактілері орын алмаған;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын ішкі бақылау бойынша бөлімде «сенім телефоны» жұмыс істейді және шағымдар мен ұсыныстар үшін пошта жәшігі ілінген. Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардан лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері бойынша «сенім телефонына» қоңыраулар және пошта жәшігіне шағымдар түспеген.

Мекемеде рұқсат беру және бақылау функциялары жоқ;

Коммуналдық меншікті басқару бойынша 20 бұйрық тіркелді, мемлекеттік қызметшілердің қозғалысы жөнінде 50 бұйрық «е-қызмет» ықпалдастыру ақпараттық жүйесіне енгізілді.

